KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

KASE



KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ | ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ | ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ | БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ | ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ | ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАЛАР НАРЫҒЫ | ӘЛЕМДІК НАРЫҚ

# KASE АПТАЛЫҒЫ

10–14 Қараша, 2025

## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE акционерлері бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру құқығына қызмет түрін алып тастау туралы уәкілетті органға ерікті өтінішті мақұлдады.
- KASE акционерлері Директорлар кеңесі туралы қағидаға түзетулерді бекітті.
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ танитын аудиторлық ұйымдардың тізбесін қалыптастыру тәртібіне өзгертулер қолданысқа енгізілді.
- KASE ресми тізіміне "Қазхром" трансұлттық компания" АҚ KZ2C00016046 (KZCRpp1), "ФинТехЛаб" Микроқаржы ұйымы" KZ2P00015985 (MFDFb4) облигациясы, "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ KZ2C00016053 (AGKKpp11), "AB Restaurants" АҚ KZ2P00015993 (ABRXpp1), "Қазақстандық микроқаржы компорациясы" МҚҰ"ЖШС KZ2P00015928 (MFMKPP1) облигациялары, "GoldFinMarket" Ломбарды" ЖШС облигацияларының екі шығарылымы, ETF US74347G1849 (BITI_KZ) ProShares Short Bitcoin ETF және US74349Y5713 (ETHT_KZ) ProShares Ultra Ether ETF және "Terrox Metals" АҚ KZ1C00015502 (TRRX) жай акциялары енгізілді.
- KASE-де "Bank RBK" Банкі" АҚ KZ2C00015873 (INBNb17) және "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00011997 (KFUSb73) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- "Standard инвестициялық компаниясы" АҚ төрт атаудағы жай акциялар бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесін берілді.
- "KMF Банк" АҚ "валюталық" санаты бойынша KASE мүшелігіне қабылданды.
- "Amaranth Capital" АҚ KASE шетел валюталарымен сауда-саттықтарға қатысуға жіберілді.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 49,6 млн МЕУКАМ KZKD00001228 (MUM096_0014), 43,9 млн МЕУКАМ KZKD00001301 (MUM096_0015), 47,7 млн МЕУКАМ KZKD00000659 (MUM180_0008) и 82,7 млн МЕУКАМ KZKD00001186 (MUM180_0015) орналастырды.
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00011997 (KFUSb73) облигацияларын орналастыру арқылы 9,5 млрд теңге тартты.
- Екі облыстың әкімдіктері 2,3 млрд теңге тартты.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- • "Қазақстан Халық Банкі" АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде меншікті бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпарат берді.
- • "Қазақстан Халық Банкі" АҚ 2025 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айдың ішінде шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін хабарлады.
- • Freedom Holding Corp. 2026 фискалдық жылдың екінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелер туралы хабарлайды.
- • Freedom Holding Corp. Қазақстан Республикасы жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен Орталық Азиядағы ЖИ-инфрақұрылымын дамыту жөніндегі бірлескен жұмыс туралы хабарлайды.
- • "Эйр Астана" АҚ 2025 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған үшінші тоқсан мен тоғыз айдың нәтижелерін хабарлады.
- • "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ Fitch Ratings агенттігі қоғамның кредиттік рейтингін "BBB" деңгейінде растағаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- • "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ оған Sustainable Fitch агенттігі "3" деңгейінде жаңартылған ESG-рейтингін бергені туралы хабарлады.

| 14.11.2025 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 6 948,17 | -0,1 | -1,6 |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Бағасы** | **Δ 7к** | **Δ 1а** |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 251,0 | 11,1 | 12,6 |
| Pfizer Inc. | 25,7 | 5,9 | 4,3 |
| Freedom Holding Corp. | 146,8 | 5,4 | -14,1 |
| NVIDIA Corp. | 190,0 | 5,1 | 3,0 |
| Microsoft Corporation | 510,0 | 2,6 | 0,3 |
| AT&T Inc. | 25,6 | 2,5 | -1,5 |
| АО "Национальная компания "КазМунайГаз" | 22 485,0 | 1,5 | 1,7 |
| АО "Национальная атомная компания "Казатомпром" | 28 500,0 | 1,4 | -4,0 |
| АО "Эйр Астана" | 870,0 | 0,9 | 8,5 |
| АО "КазТрансОйл" | 829,0 | 0,1 | -0,2 |
| Apple Inc. | 273,9 | -0,4 | 10,7 |
| АО Kaspi.kz | 39 700,0 | -0,5 | -7,2 |
| АО "ForteBank" | 13,6 | -0,6 | -2,3 |
| АО "KM GOLD" | 67,5 | -0,9 | -0,4 |
| АО "KEGOC" | 1 398,0 | -1,0 | -5,8 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 338,5 | -1,0 | -5,4 |
| Bank of America Corporation | 52,6 | -1,0 | 4,7 |
| АО "Кселл" | 3 323,0 | -1,1 | 0,8 |
| PayPal Holdings Inc. | 64,4 | -1,2 | -6,5 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 5 000,0 | -1,2 | 2,9 |
| АО "Казахтелеком" | 37 400,0 | -2,2 | -5,0 |
| Tesla, Inc. | 416,2 | -2,5 | -3,9 |
| Intel Corporation | 35,9 | -3,5 | 0,3 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




Жергілікті қор нарығы аптаны минуспен аяқтады. KASE Индексі 0,1 %-ға төмендеп, 6 948 тармақ белгісіне бекітілді.

Эйр Астана үшінші тоқсан мен тоғыз айдағы нәтижелерді хабарлады, пайда мен басқа да кірістер 10 %-ға өсіп, $1,1 млрд құрады, ал таза пайда 40 %-ға төмендеп, $31,2 млн құрады. Тасымалданған жолаушылар саны 11 %-ға артып, 7,5 млн адамды құрады. Авиакомпанияның акциялары бір айда 1 %-ға өсті.

Halyk bank 2025 жылдың тоғыз айындағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелер туралы хабарлады. Банк таза пайданы 27 %-ға 810 млрд теңгеге дейін ұлғайтты. Таза пайыздық кіріс 22 %-ға 968,3 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Активтер жыл басынан бері 10 %-ға 20,4 трлн теңгеге дейін өсті. 9 айдағы таза пайыздық маржа 7,2 % құрады, ал Roe және ROA сәйкесінше 33,8 % және 5,6 % құрады. Банктің акциялары бір апта ішінде 1 %-ға төмендеді. Қаржы секторының басқа өкілдерінің акциялары да теріс динамиканы көрсетті. ЦентрКредит Банкінің жай акциялары 1,2 %-ға төмендеді, ал Kaspi.kz акциялары апта қорытындысы бойынша 0,5 % жоғалтты.

Сонымен қатар, KEGOC кірісі 2025 жылдың 9 айында 20 %-ға 279 млрд теңгеге дейін өсті, ал таза пайда 4 %-ға 45 млрд теңгеге дейін төмендеді. Компанияның акциялары бір апта ішінде 1 %-ға төмендеді.

Телекоммуникация секторында теріс динамика байқалды: Kcell акциялары 1 %-ға, 3 323 теңгеге дейін, ал Қазақтелеком акциялары 2,2 %-ға, 37 400 теңгеге дейін төмендеді. Қазақтелекомның деректері бойынша 2025 жылдың 9 айында компанияның кірісі 16 %-ға 422,3 млрд теңгеге дейін, ал таза пайда 2,9 есе өсті.

Ақша нарығында апта қорытындысы бойынша TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі өзгерген жоқ және жылдық 17,00 % құрады. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 10,10 %-ға дейін өсті.

## Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




## ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері




## Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Қазан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 3,5 %-ға, АҚШ доллары үшін 529,96 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 248 млн АҚШ долларынан 271 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 6 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қазан айында Ұлттық қордан валютаны сату 660 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферттер бөлуді, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордың сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 11 % немесе күніне шамамен 30 млн АҚШ долларын құрады.

Күтілетін фискалдық түсімдерді ескере отырып, Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша республикалық бюджетке трансферттер бөлуге қарашада Ұлттық Банк Ұлттық қордан 600-ден 700 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Айналау операциялары аясында қазан айында 475 млрд теңге стерилизацияланды. Осы мақсатта қараша айында 475 млрд теңге баламасында валюта сатылады деп күтілуде. Сонымен қатар, алтын бағасының айтарлықтай өсуі аясында айналау шеңберіндегі өтімділікті алу көлемі алтын сатып алу жөніндегі операцияларға байланысты теңгелік эмиссия көлемінен артта қалып отыр. Ағымдағы жылдың басынан бері жинақталған алынбаған өтімділікті ескере отырып, айналау операциялары шеңберінде IV тоқсан ішінде 1,4 трлн теңге баламалы сомаға шетел валютасын сатуды жүзеге асыру жоспарлануда.

Ұлттық банк қазан айында валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату жөніндегі норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі шамамен 279 млн АҚШ долларын құрады.

Бұрын айтылған жоспарға сәйкес, БЖЗҚ валюталық активтерінің үлесі шамамен 40 % құрайтынын ескере отырып, Ұлттық Банк қазан айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алуды жүзеге асырмады. Қараша айында валюта сатып алу да жоспарланбаған.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.24)**




| | Цена | Δ 7д, % | Δ 30д, % | Δ 2024, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 686,26 | -0,48 | -3,43 | 4,67 |
| USDKZT | 522,19 | -0,73 | -2,66 | 0,15 |
| EURKZT | 606,42 | -0,19 | -2,12 | 11,45 |
| CNYKZT | 73,56 | -0,42 | -2,05 | 3,01 |
| RUBKZT | 6,47 | -0,46 | -2,83 | 30,66 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 6 734,11 | 0,1 | 0,9 | 13,2 | 0,0 |
| Dow Jones | 47 147,48 | 0,3 | 1,9 | 7,8 | 0,3 |
| РТС | 980,73 | -1,5 | -3,6 | 14,3 | |
| ММВБ | 2 525,68 | -1,6 | -0,8 | -6,4 | |
| Hang Seng | 26 572,46 | 1,3 | 2,6 | 36,7 | 1,5 |
| SS CSI 300 | 4 628,14 | -1,1 | 0,5 | 14,6 | -0,8 |
| Euro Stoxx 50 | 5 693,77 | 2,3 | 1,6 | 17,8 | 2,3 |
| FTSEuroFirst | 6 381,00 | 1,4 | 1,5 | 17,6 | 1,4 |
| FTSE 100 | 9 698,37 | 0,2 | 2,9 | 20,2 | 0,3 |
| KASE | 6 948,17 | -0,1 | -1,6 | 28,4 | |

## Шикізат нарығы

14.11.2025

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 64,39 | 1,2 | 4,0 | -11,3 |
| Мұнай (WTI) | 60,09 | 0,6 | 3,1 | -12,5 |
| Табиғи газ | 4,57 | 5,8 | 51,4 | 63,9 |
| Мыс | 506,30 | 2,1 | 1,0 | 23,9 |
| Темір | 803,50 | 0,5 | -0,3 | 2,6 |
| Алтын | 4 084,06 | 2,1 | -2,9 | 58,7 |
| Күміс | 50,69 | 5,3 | -1,3 | 65,8 |
| Астық | 527,25 | -0,1 | 5,7 | -0,6 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық уақиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 17.11 | ЖІӨ (тоқ/тоқ) (3 тоқ) | JPY | **-0,6%** | **0,6%** |
| 19.11 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қаз) | GBP | 3,6% | 3,8% |
| 19.11 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қаз) | EUR | 2,2% | 2,1% |
| 20.11 | Ауыл шаруашылығы емес секторда жұмыспен қамтылғандар санының өзгеруі (қыркү) | USD | | 22K |
| 20.11 | Жұмыссыздық деңгейі (қырк) | USD | | 4,3% |
| 21.11 | Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қараша) | USD | | 52,5 |
| 21.11 | Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қараша) | GBP | | 54,8 |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 12,6% | 01.11.25 | 12,9% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 60,7 | 01.11.25 | 57,4 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 14 842,9 | 01.11.25 | 14 344,2 |
| Ақша масса, млрд KZT | 49 331,8 | 01.11.25 | 48 139,4 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Агенттік | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 позитивті | 22.08.25 | BBB-/A-3 тұрақты |
| Moody's | Baa1/тұрақты | 01.10.25 | Baa2/позитиві |
| FitchRatings | BBB/тұрақты | 15.07.25 | BBB/тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, A15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат

**Тел.:** +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28




Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2025